

## **ХАТТАМА № 2**

### **«Облыстық қан орталығы» ШЖҚ МКК қызметкерлерінің жиналышы.**

Откізу күні: 14.07.2023 жыл

Откізу уақыты: 14.30

Откізу орны: акт залы

Төрағасы: Мукатаева К.Л.

Хатшысы: Умарова М.А.

Қатысқандар: 38 адам

Күн тәртібі: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірге күресейк»

Тындалды: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірге күресейк» тақырыбы  
бойынша дайын өнімді беру бөлімінің аға медбикесі, комплаенске жауапты  
қызметкер Сариева Мейрамгул Бердешовна баяндама жасады (баяндама  
мәтіні қосымшада берілді).

Төрағасы:

Мукатаева К.Л.

Хатшы:

Умарова М.А.

## **«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірге құресейк»**

Жемқорлық-мемлекеттің, қогамның дамуына тәжеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індеп. Сыбайлас жемқорлықпен құресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып отыр. Оған осы бастаң токтау қоймаса мемлекетте тұракты өсіп-өркендеу болмайды. Сыбайлас жемқорлықпен тұбегейлі құресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор. Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізіг базымдықтарының бірі осы үздімдікпен құресу болып табылады. Біздің қогамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қогамның барлық күш жігерін біріктіріп, осы дерптің одан әрі таралмауы үшін оған бөгет болудың барлық амалдарын колдану арқылы ғана бұл құылысқа тиімді түрде тұбегейлі қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен құресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы және адамгершілік міндеті деп білуге керек. Қогам өмірінде тұбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол-сыбайлас жемқорлық. Елімізде осы мәселеге байланысты арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан түрлі жұмыстар да баршылық, дегенмен бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ. Ендеше, жас буынға жемқорлықтың теріс салдары туралы ақпаратты дұрыс жеткізу-олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің қалыптасуына, өз құқыктары мен міндеттерін терең ұғынып жете түсінуінежәне орындаудың көмектесудің алғы шарттарының бірі болып саналады. Атап айтканда, ол үшін ең алдымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптасқан жағдайда ғана адам адамгершілікке жат-қылыштардан бойын аулак ұстай бастайды, заңға қайшы келетін әрекеттерді жасауга жол бермейді. Қарапайым тілмен айтатын болсақ, сыбайлас-жемқорлық-бұл қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Осы келенсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны жас ұрпак тәрбиесіне зиян болатындығы бәрімізді алаңдатады. Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлкен кесірін тигізеді. Яғни, осы келенсіз құбылыспен құресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе екендігі айқын. Сыбайлас жемқорлық- заман ағысымен бірге өсіп-өркендер, мол каражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Қоғамның бақытты болашағын тежейді, елдің халықаралық беделіне нұқсан келтіреді, жұртшылықтың заң мен әдідікке, билікке деген сеніміне сызат түсіреді.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы құрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылып келеді. Соның ішінде, халық парапорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан кез-келген ортада пара беру мен пара алуудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз керк. Парапорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне абырайсыздық ұялатады, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқыктары мен заңды мүдделерінің бұзылуына тұртқі болады. Қазіргі таңда қоғамымызға қауір төндіріп, орасан кесел келтіретін осынау келенсіз әлеуметтік құбылысқа қарсы шаралар қатаң қолға алынып жатыр. Жемқорлықпен құрес арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылуда. Еліміздің өркениетін дамытқысы келетін, өз ортасын құрметтейтін әрбі азамат мемлекеттің ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікі камтамасыз етуге мүдделі және оның алдындағы басты парызы. Қоғаммен бірге өркендер, етек жайып, етене сініп келе жатқан бұл кеселдің теренниен құлаш жаймауына өз улесімізді косу және оған тоқауыл болу-біздің басты міндетіміз.